

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 62 (9124) | 1953 жылғы 24 март Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20-тыңы.

## Мал шаруашылығын өнімі мол, товарды мол беретін және табысты шаруашылық етіп өркендету қажет.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

### Мал қыстатудың шешуші кезеңі

Бүкіл Совет халқы сыяқты облысымыздың еңбекшілері де партиямыз бен үкметіміздің шақыруын және ССРО Жоғарғы Советінің IV-сессиясы қарарларын бірауыздан қаулап, өндірісте екі еселенген жігермен еңбек етуде.

Облысымыздың атқын қатарлы колхоздары мен совхоздары еліміздің экономикалық күш-қуатын оған сайын арттыра беру үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, ауыл шаруашылығы өндірісін өркендетуде жаңа зор табыстарға ие болып келеді. Озат колхоздар мен совхоздарда мал қыстату үлгілі өткізіліп, көктемгі өсіске әйрлік жұмыстары ойдағыдай аяқталуда.

Қоғамдық өнімді мал шаруашылығын партияның XIX съезінің қарарларын көрсетіген міндеттерге сәйкес өркендетуде мал қыстатуды үлгілі өткізудің маңызы ерекше зор. Облыстың озат шаруашылықтарында мал қыстату ойдағыдай аяқталып келеді дедік. Бұл жөнінде Қонохов ауданындағы Молотов атындағы, Петропавл ауданындағы Сталин атындағы, Соколов ауданындағы «Заря коммунизма» колхоздарын мысалға алуға болады. Оларда мал күнбе-күн уақытылы жайланып, азықтандырылады. Жемшөп белгіленген норма бойынша жұмсалады. Осының нәтижесінде бұларда қоғамдық мал шығынсыз, күйлі өсірілуде. Аталған шаруашылықтар төл алу науқанына ұйымшылдықпен кірісті. Төл құнарлы жемшөппен, жылы қоралармен қамтамасыз етілген. Төл алуға және оны күтуге тәжірибелі мал өсірушілер бөлінген.

Алайда, мал қыстату облыстың барлық шаруашылықтарында табысты аяқталып келеді деп айта алмаймыз. Көптеген колхозда да малдың қысқы күтімі нашар ұйымдастырылған. Мұндай шаруашылықтарда малға тынғылықты күтім жасалмайды, әресе, жемшөп бейберекет жұмсалады. Соның салдарынан мал күтімі нашарлап, оның күйі төмендеп кетті. Ал, кейбір колхоздарда күтімнің нашарлығынан, жемшөпті тазышылығынан мал басы шығынға да ұшырап отыр.

Мал қыстату, әресе Совет, Қонохов, Мамбет, Понемин және Ленин аудандарында төл алу науқанын жетілдіріп, өсіріп

Соның салдарынан мұнда төл алу және оны күту ісі мүлде нашарлап кеткен. Осы колхоздың қой фермасында күтімнің нашарлығынан алынған қозылардан 110 қозы шығынға ұшыраған.

Осы сыяқты, төл алу науқанына Октябрь ауданындағы Киров атындағы колхозда әзірліксіз кірісті. Мұнда, әресе, қозы күту жұмысы нашар жүргізілуде. Жемшөптің жеткіліксіздігінен және тынғылықты күтім жасалмағандықтан алынған қозының 20 проценті шығынға ұшыраған. Колхоз басшылары мал шаруашылығына жеткіліксіз басшылық жасап, төл алу жұмысын жақсартудың тиісті шараларын қолданбай келеді. Олар малшылардан малды мезгілімен күтім, күйлі өсіруді талап етіп отырмайды.

Біздің облыс жағдайында март, апрель айлары — мал қыстатудың ең шешуші кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде малдың қысқы күтімін мейлінше жақсартып, оны қыстан шығынсыз, күйлі алып шығу қажет. Ол үшін малды күтім жайлауда, әресе, жемшөпті жұмсауда, кәзір орын алып отырған көмшіліктерді дереу жойып, мал фермаларында еңбек ұйымдастыру ісін мықтап жақсарту керек.

Малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шығу үшін әрбір колхозда, әрбір совхозда жемшөп қорын мұқият есепке алып, оны үнеммен жұмсау табыс кілті. Партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары бұл жұмысқа күнбе-күн басшылық жасап, оны барлық жағынан үлгілі ұйымдастыруға тиіс. Әрбір фермада малға жемшөп норма бойынша өлшеніп берілетін болсын.

Кәзір төл алудың аса жауапты кезеңі туды. Барлық жерде төл алу және оны күту жұмыстары тынғылықты жүргізілуде тиіс. Малдың барлық түлігінен төлді көп алып, шығынсыз өсіру үшін мұндай маңызды жұмыстарға тәжірибелі адамдарды жіберіп, олардың табысты еңбек етуін қамтамасыз ету керек. Көктем өлден шыққанша төл азықтан тарықтырылмауға тиіс. Ол үшін төлге құнарлы жемшөпті мол дайындап, оны ұқыпты жұмсау қажет. Кәзір Соколов, Петропавл аудандарында төл алу науқанын жетілдіріп, өсіріп

### Мал қыстатуды үлгілі аяқтайық

#### Мал қыстатуды үлгілі аяқтаймыз

Партияның XIX съезінің қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын мінсіз жүзеге асыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, колхоз мүшелері мал қыстатуды ойдағыдай ұйымдастыруға жетісті. Қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру мал қыстатуды үлгілі ұйымдастыруға байланысты екенін колхозшылар жақсы біледі. Осыған сәйкес олар быйыл қоғамдық малды қыстық жемшөппен, жылы, жарық қоралармен мол қамтамасыз етті.

Біз мұнымен де тынған жоқпыз. Барлық малды қыстан аман алып шығу үшін фермаларда еңбек ұйымдастыру ісін жақсартып, Еңалдымен малды қолда бағуға тәжірибелі колхозшылар бөлінді. Әрбір фермада малды күтім азықтандырудың арнаулы графині жасалды. Жемшөпті тиімді пайдаланудың шаралары белгіленіп, жүзеге асырылды. Колхоз басқармасы және партия ұйымы малдың күн сайын дұрыс азықтандырылып, күтілуіне, оның күйлі, шығынсыз өсірілуіне ұдайы басшылық жасап отырды. Осымен бірге, фермаларда жұмыстың шешуші учасқоқтерін басқаруға және онда тікелей жұмыс істеуге коммунистер мен комсомолдер көптеп жіберілді.

Бұл шаралар өзінің нәтижелерін беріп келеді. Барлық фермаларда қоғамдық мал мезгілімен азықтандырылады. Жемшөп малға күнбе-күн норма бойынша өлшеніп беріледі. Қолда бар мал азығын ұқыпты пайдалану және оның жұғымдылығын арттыру мақсатымен жай жемшөпті малға ұнтпай, турап және жұмсартып беруді ұйымдастырдық. Кәзір малға жемшөп күн сайын әзірленіп беріліп жүр. Бұл жемшөпті ұқыпты жұмсауға, малды күйлі, шығынсыз өсіруге қолайлы жағдай туғызып келеді.

Мал қыстатуда колхозшылар естаблтық еңбектің үлгілерін көрсетіп жүр. Жемшөпті малға әзірлеп беруде колхозшы

тың өнім мөлшері арта түсіп отыр. Бізде әресе, сауын сыйырлар тынғылықты күтімге алынды. Оларға ұдайы құнарлы жемшөп беріледі. Осының нәтижесінде сауын сыйырлардан сүт мол алынып жүр. Колхозда сүт дайындаудың январь, февраль айларындағы жоюлары толық орындалды. Үстіміздегі айда да сүт дайындаудың күндіз графині мінсіз орындалып келеді. Біз кәзір, мал қыстатудың ең шешуші кезеңінде сауын сыйырлардың күтімін бұрынғыдан да жақсартып, олардан сүтті көп алуға жетісеміз.

Сыйыр саууда Ткачева, Шевченко, Степаненко сыяқты сауыншылар жоғары көрсеткіштерге жетіп жүр. Олар сүт дайындаудың күндіз графині ұдайы артығымен орындайды.

Кәзір аналық малдар жаппай төлдеуде. Мал төлден өседі. Колхоз малы быйыл төл өсебінен көбейтілмек. Сондықтан біз төл алу науқанына тынғылықты әзірлікпен кірістік. Көктем өлден шыққанша төлді құнарлы азықпен қамтамасыз етіп, барлық төлді аман сақтаймыз. Кәзірдің өзінде ондаған төрай, бұзау және қозылар алынды. Олардың барлығы тынғылықты күтімге алынып, күйлі өсірілуде.

Қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету үшін быйыл жемшөптің мол қорын жасаймыз. Үстіміздегі жылы шөпталпайты ауыспалы егіс жүйесін меңгеру ісін жақсартып түсеміз. Быйыл мың гектардан астам жерге малазығындық біржылдық және көпжылдық шөп егіледі. Көпжылдық және біржылдық шөп егілген учасқоқтердің және табиғи шабындықтардың шөп шығымдылығын арттыру үшін оларға көктемде қар суы тоқтатылады. Бұл жұмыстарға әзірлік кәзірдің өзінде қолға алынды. Міне, бұл шаралар үстіміздегі жылы мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасауға жағдай туғызады.

Барлық малды қыстан шығынсыз алып шығу және малдың күтімін онан сайын жетілдіріп, өсіріп, мал басын өсі

Жаңа бесінші бесжылдықтың стахановшысы

### Депутат-жұмысшы



Ранса Бектемірова темір жол училищесін бітірісімен паровоз депосына жұмыс істеуге 1944 жылы келді. еңбек өнімділігін еселеп арттыра беру совет адамдарына тән қасиет екенін жақсы түсінген Бектемірова

...наша ұйымдастырылған. Өткен жылы бұл аудандарда мал азығы жеткіліксіз дайындалды. Ал, аудан басшылары бұл жағдайды жете ескермеді. Қолда бар жемшөп қорын ұқыпты жұмсап, қоғамдық малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шығудың тиісті шараларын дерезесінде белгілемеді. Аталған аудандардың көптеген қолхоздарында қыстың өткен мерзімі ішінде жемшөп нормасыз, қалай болса солай жұмсалды. Жемшөпті малға әзірлеп беру ісі де нашар ұйымдастырылды. Осындай бейқамдықтың, жауапсыздықтың ақыры неге дұшар етті? Мұның ақыры жемшөптің қыс аяғына дейін жетпей таусылуына, малдың азықтан тартылып, жүдеуіне әкеліп соғып отыр.

Жекелеген қолхоздарды алсақ, істің жаңы өле-мөте нашар. Мәселен, Ленин ауданындағы «Новый путь» қолхозында аналық малдарға тыңғылықты күтім жасалмайды. Ондай малдар құнарлы жемшөппен мол қамтамасыз етілмеген. Соның салдарынан мұнда ондағы аналық мал іш тастаған. Сол сияқты, бұл қолхозда төл алу науқаны да нашар ұйымдастырылған. Төл мезгілімен күтіліп, азықтандырылмайды.

Мал қыстату Преснов ауданындағы Берия атындағы қолхозда да тиісті дәрежеде емес. Мұнда мал күтімі нашар. Жемшөп ұқыпсыз жұмсалды. Бұдан мал күйі төмендеп, шығынға ұшырауда. Соколов ауданындағы «Дозор Ильича» қолхозында да жағдай дәл осы сияқты. Мұнда, әсіресе, төл қамқорлықпен өсірілмей келеді. Төлі күтуге тәжірибелі қолхозшылар бөлінбеген.

## ССРО-да Иосиф Виссарионович Сталиннің Шығармаларының басылып шығуы

Өзінің бүкіл жарқын өмірін еңбекші халықтың бостандығы мен бақыты жолындағы күреске арнаған данышпан көсем және ұстаз Иосиф Виссарионович Сталинге ерекше зор алғыс сезімі дүние жүзіндегі барлық елдердің жүздеген миллион адамдарының жүректерінде мәңгі сақталады.

Заманамыздың ұлы ойшылы марксизм-ленинизм қазынасына өшпес үлес қосты. И. В. Сталин жолдастың классиктік еңбектері елімізде мейлінше кең таралды. Оларды миллиондаған жұмысшылар, қолхозшылар, еңбекші интеллигенция оқып үйренуде.

Бүкілодақтық кітап палатасының мәліметі бойынша, ССРО-да И. В. Сталиннің Шығармалары 101 тілде 9 мыңнан астам рет басылған. Олардың жалпы тиражы — 672.058 мың дана.

И. В. Сталиннің жеке еңбектері сәт рет қайта басылды. Әрбір совет адамының қолынан түспейтін кітабына айналған «Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының тарихы. Қысқаша күрес» кітабы 301 рет басылды. 55 тілге

Мұнда төл алу және оны күту жұмыстарында көп кемшіліктер бар. Күтімнің нашарлығынан бірқатар қолхоздарда төл шығынына жол беріліп келеді. Аудан басшылары төл алу науқанындағы мұндай кемшіліктерді жоюдың тиісті шараларын қолданып, әрбір фермада төлдің көп алынып, шығынсыз өсірілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Мал қыстатудың осы шешуші кезеңінде зоотехниктер мен мал дәрігерлері алаңды зор міндет тұр. Олар фермаларда жұмыстың шешуші жерінде болып, малдың зоотехникалық ережелерге сәйкес азықтандырылып, күтілуін күнбе-күн қадағалап отыруға тиіс.

Мал қыстатуды үлгілі аяқтаудағы қолхоз басшыларының, әсіресе, ферма меңгерушілерінің ең негізгі міндеті — малдың дұрыс күтімге алынып, шығынсыз, күйлі өсірілуін қамтамасыз ету. Мал төлден өседі. Сондықтан төлдің көп алынып, оның аман өсірілуін қамтамасыз ету де олардың ең басты міндеттерінің бірі.

Қолда бар құн- мүмкіншілікті тиімді пайдаланып, әсіресе, жемшөп қорын ұқыпты жұмсап, қоғамдық малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шығу, сөйтіп, қоғамдық өнімді мал шаруашылығын партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында көрсетілген міндеттерге сай өркендету — облыс еңбекшілерінің ең негізгі міндеттерінің бірі. Ал, жергілікті партия, совет ұйымдары бұл міндеттерді ойдағыдай орындау күресіне еңбекшілерді жұмылдыра білуге тиіс.

аударылған «Ленинизм мәселелері» кітабы 260 рет қайта басылды.

И. В. Сталиннің Советтердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезінде жасаған ССР Одағы Конституциясының жобасы туралы баяндамасы 700-ден астам рет басылып шықты. 89 тілде басылған бұл кітапшаның тиражы 67 миллион данадан асты. «Совет Одағының Ұлы Отан соғысы туралы» кітап 377 рет басылды.

Иосиф Виссарионович Сталиннің еңің жыттардағы еңбектері: «Марксизм және тіл білімі мәселелері», «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» миллиондаған тиражбен басылды. И. В. Сталиннің Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезіндегі тарихи сөзі 44 тілде 60-тан астам рет басылды. Бұл кітапшаның жалпы тиражы — 17.891 мың дана.

Сталиннің данышпандық еңбектер Коммунистік партия мен совет халқына коммунизм салтанаты жолындағы күресте жеңімпаздық күш береді. Бұл еңбектер шетелдердің коммунистік және жұмысшы партиялары үшін, миллиондаған еңбекшілер үшін қуатты идеялық қару болып табылады. (СОТА).

дар М. Сумкова, П. Пивненко жолдастар үздік табыстарға жетуде. Бұлар күн сайын малға бндаған центнер жемшөпті тұрап, ұнтап, булан береді.

Малды зоотехникалық ережелерге сай азықтандыру нәтижесінде малтан алынған

## Жаңа табыстарға жету үшін

Мал азығының берік қорын жасау қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттырудың басты шарты. Өткен жылы қолхозда жемшөптің мол қоры жасалды. Мал қоралары да жеткілікті дайындалды. Қоғамдық мал бүкіл жыл бойына жақсы күтімге болды. Мұның нәтижесінде қоғамдық мал басын көбейтті, оның өнімділігі арттырылды. Қоғамдық мал басын өсіру жөніндегі жылдық жоспар ойдағыдай орындалды. Жүн, сүт және басқа да мал шаруашылығы өнімдері жөніндегі міндеттемелерді де мерзімінде орындап шықты. Сөйтіп, қолхоз мал шаруашылығына ақшадай көп кіріс тапты.

Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген қолхоз мал өсірушілері қоғамдық мал шаруашылығын оған сайын өркендете беру жолында қажырлы күрес жүргізуде. Олар, әсіресе, мал қыстатуды табысты аяқтап келеді. Мал азығы жеткілікті дайындалған болатын. Жемшөп түгелдей қоралар жанына тасылып атынды. Көзір жемшөп қыс аяғына толық жетеді.

Малшылар жемшөпті бүкіл қыс бойына үнеммен жұмсап келеді. Әрбір фермада мал белгіленген нормаға сәйкес азықтандырылады. Мұның өзі малдың шығынсыз, күйлі өсірілуіне мүмкіншілік беруде.

Мал фермаларында мал жайып жақсы білетін қолхозшылар жұмыс істейді. Олар қарамағындағы малды мезгілінде жайлайды. Мезенцева, Косева жолдастар қой фер-

## Тебіндегі жылқылар

«Орталық» ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) мүшесі Е. Ысқақов жолдас жылқы өсіруде жылма-жыл келеді табыстарға жетіп жүр. Өткен жылы ол қарамағындағы 19 биеден 19 құлын алды. Алынған құлындарды шығынсыз өсіріп, үйірге қосты. Бірде-бір жылқы басын шығынға ұшыратқан жоқ. Сөйтіп, жылқы өсірудің жылдық жоспарын артығымен орындауға жетісті.

## Қойдың күтімі жақсы

Бесінші бесжылдықта мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жолындағы күресте «Баян» ауылшаруашылық артелінің (Преснов ауданы) озат мал өсірушілері жоғары көрсеткіштерге жетіп жүр.

Әсіресе, қой фермасында жұмыс істейтін қолхозшылар өздерінің қажырлы еңбегі-

інде күресті табыстарға жетеміз. Бұған бізде қажетті мүмкіншіліктің бәрі де бар.

Г. СТАЦЕНКО,  
Нонохов ауданы Т. Ибишев атындағы  
қолхоздың председатели.

масында бірнеше жылдан бері шоппан болып істейді. Олар қой өсіруде жылма-жыл жақсы нәтижелерге ие болып жүр. Аталған шоппандар өткен жылы әрбір 100 саулықтан қозыны көптеп алып, оны шығынсыз өсіргенді. Озат шоппандар қойдың қысқы күтімін үлгілі ұйымдастырып, жаңа табыстарға жетуде. Көзір олар қарамағындағы қойды мезгілімен күтіп, шығынсыз өсіріп келеді. Олар, әсіресе, қозы алу науқанын табысты өткізуде.

Осы сияқты, қолхозшы Сабыржанов өткен жылы қарамағындағы 33 биеден 33 құлын алып, шығынсыз өсірген еді. Таңдаулы жылқышы үстеміздегі жылды да әрбір биеден бір-бір құлын алып, оны шығынсыз өсіруге міндеттенген болатын. Бұл күндері жылқышы алған міндеттемесін орындау жолында қажырлы еңбек етіп жүр. Ол жылқының тебін дұрыс ұйымдастырып, барлық жылқыны күйлі өсіруде.

Көзір мал қыстатудың жауапты кезеңі туды. Бұл кезде малға бұрынғыдан да жақсы күтім керек. Сондықтан біз қолда бар жемшөп қорын ұқыпты жұмсап, малды дұрыс азықтандырамыз. Әсіресе, төлі тыңғылықты күтімге аламыз. Төл алуға және оны бағып күтуге тәжірибелі мал өсірушілер бөлінеді. Осындай шараларды жүзеге асырып, мал қыстатуды табысты аяқтаймыз.

Т. ОМШИН,  
Октябрь ауданы, Сталин атындағы  
қолхоздың председатели.

Көзір Ысқақов жолдас қарамағындағы жылқыларды тебіндіктерде бағып, күйлі өсіруде. Ол жылқыларды жақсы тебіндіктерде бағады. Ол тебіндіктерді тиімді пайдаланды. Мәселен, ол ашық күндері жылқыларды жазық алаңдарға, ал, боранды күні қалың аған қойнауларына бағды.

Ж. ҚОЖАҒАЛИЕВА.

мен көзге түсуі. Фермада қой күйлі өсірілуде. Шоппандар төл алу науқанына үлгілі әзірлікпен кірісті. Фермада көзірдің өзінде ондаған қозы алынды. Алынған қозылар тыңғылықты күтімге алынып, күйлі өсіріліп келеді.

Ш. ЖЕТЕНОВ.

Бұл кез Отан соғысы жүріп жатқан кез еді. Совет жауынгерлері майданда ерлік көрсетіп, жеңістен-жеңіске жетумен болса, совет азаматтары еңбек майданында да табысқа-табыс қосып, жауынгерлерді азық-түлікпен, қару-жарақпен қамтамасыз етумен болды.

Отан қорғау мүддесі Раиса Бектемірованы да ойландырмай тұра алмады.

—Еңбек майданында жақсы жұмыс істеу,—деп ойланды ол, Отан қорғауға қатысқаным болып есептеледі. Демек, еселеген қарқынмен еңбек ету әрбір совет азаматының ардақты борышы.

Раиса өзі сүйетін мамандықты теміржол училищесіне түспестен бұрын ойландырып болатын. Ол слесарь мамандықты үйрену үшін 6 ай оқыды. Курсті бітіргеннен кейін біраз уақыт слесарьлық мамандыққа үйренуші болып жұмыс істеді.

Жас жұмысшының игі мақсаты — слесарьлық мамандықты игеру, жұмысты күннен-күнге жақсы істеу, сөйтіп, озаттар қатарына қосылу болды. Оның бұл мақсаты жұмысқа деген ынта-жігерін арттыра түсті. Раиса ойлаған мақсатқа жету жолында көп ізденіп, көп еңбектенді. Өзімен бірге істес, көптеп бері жұмыс істеп келе жатқандардың жұмысына зер салды. Олардың іс тәжірибелерін, жұмыс әдістерін жете үйренді. Мастерлермен жиі-жиі ақылдасып, олардың айтқанын бұлжытпай орындап отырды. Осының барлығы жас қызға жұмыста кездескен қиыншылықтарды жеңуіне жол ашты, жұмысты өнімді әрі сапалы істеуге жағдай туғызды. 3 ай өткеннен кейін ол жұмысты басқалармен қатарлас істейтін болды.

Осы кезде цех бастығы Петров жолдас Раисаға слесарьлық мамандыққа ие болғанын зор қуанышпен хабарлап:

Раиса енді өздігінен жұмыс істей алатындай дәрежеге жетті. Келешекте де еңбек өнімділігі жоғары, өнім сапасы мінсіз болсын. Көзіркі жағдай әрбір совет адамынан осыны талап етеді.

Цех бастығының бұл сөзі Раисаның өзінің ойлағандарымен біржерден шықты. Слесарьлық мамандыққа ие болу Раисаның жауапкершілігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Ол слесарь болып жұмыс істеу міндетін адалдықпен ақтай алды да, Сменалық, айлық жұмыс тапсырмаларын үнемі артығымен орындап отырды. Сөйтіп, жас Раиса сертінде тұрып, соғыс жылдарында еңбек майданында тамаша ерлік істер көрсетіп, паровоздарды тезінен жөндеу ісіне үлесін қосып отырды.

Қол жеткен табысқа масаттанбай,

өз жұмысына сын тұрғысынан қарады. Ол соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің бесжылдық жоспары мерзімінен бұрын орындап шыққандардың бірінен саналды.

Партиямыздың XIX съезінің қарарларымен және съездің қорытынды мәжілісінде кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың сөйлеген тарихи сөзімен жігерленген совет халқымен бірге, Раиса Бектемірова жолдас та елімізде коммунизмді орнату жолындағы күресте жаңа табыстарға жетуде. Ол өткен жылдың тапсырмасын 200 проценттен артық орындап шықты.

Сталиндік қамқорлықтың нұр-сәулетіне бөленген Раиса Бектемірованың қол жеткен табыстары қажырлы еңбектің, тынбастан ізденудің, жалықпастан үйренудің нәтижесі.

Раиса еңбек өнімділігін еселеп арттыру үшін, жұмыс уақытының әрбір минутын тиімді пайдалануды, өз жұмысына жауапкершілікпен қарауға жете көңіл бөлді. Мамандығын күнбе-күн арттыруды ең негізгі міндет етіп қойды.

Әрбір совет адамы өзінің өндірістік табыстарға ие болудағы тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдырып отырады. Осындай қасиетті Бектеміровадан да көреміз. Ол өзінің озат іс-тәжірибелерін достарына да үйретіп отырады.

Совет елінде еңбек аброй әперетін, данқ шығаратын, ер атандыратын іс. Еңбек биінің елімізде аса зор құрметті іс. Дәло коллективі Раиса Бектемірованың еңбегін орасан зор бағалай білді. Оны еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынды. 1-март күні № 194 сайлау округінің сайлаушылары Бектемірованы халық сенімін ақтайды, жергілікті өкмет орнында болуға лайықты адам деген зор сеніммен, оған біркісідей дауыс берді. Сөйтіп, Раиса халық қалаулысы болды. Ол халықтың бұл сенімін мінсіз ақтап та келеді. Өндірістік еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Бұл күндері ол жұмыс тапсырмасын 280—300 процентке дейін орындап жүр.

Раиса өндіріс озаты болумен қатар өзінің саяси білімін үнемі арттыра түсуде. Ол комсомол ұйымының жанындағы саяси үйірмеде оқиды. —Неғұрлым еңбекті өнімді әрі сапалы істесек,—дейді Бектемірова,—Отанымыздың күш-қуаты солғұрлым нығая түседі. Сондықтан да мен еңбекте бұдан былай да жаңа табыстарға жете беруге ұмтыламын.

Т. КӘДІРОВ.

Суретте: Раиса БЕКТЕМІРОВА жолдас.

САЯСИ ЭКОНОМИЯНЫ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

# Халық шаруашылығын жоспарлы, пропорционалды түрде дамытудың экономикалық заңы

Коммунистік партия мен Совет Үкметі өздерінің міндеттерін анықтау ісіне арқанын қорам дамуының экономикалық заңдары тұрғысынан қарайды. И. В. Сталин жолдас өзінің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпаңдық шығармасында социализмнің экономикалық заңдарын ашып, дәлелдеді, біздің партия мен совет халқын бұл заңдарды білу ілімімен қаруландырды. Объективтік экономикалық заңдарға сүйене отырып, Коммунистік партия мен Совет Үкметі халық шаруашылығын жоспарлы түрде коммунизмге бірте-бірте ету жолына бағыттап отырады.

И. В. Сталин жолдас өзінің еңбегінде кейбір совет экономистерінің саяси экономияның бірқатар мәселелері жөнінде жіберген елеулі субъективтік-идеалистік қателіктерін ашты. Мұндай экономистер: кәзір бізде объективтік экономикалық заңдар қызмет етпейді, Совет мемлекетіне тарихтың берген ерекше ролінің арқасында, оның басшы органдары саяси экономияның қолданылып жүрген заңдарын бұза алады, өзінің еркі бойынша жаңа заңдар жасай алады дегенді айтты. Бірсыпыра экономистер: біздің жыма-жыдық, бесжылдық жоспарларымыз өндірістің социалистік тәсілінің экономикалық заңы болып табылады деген мүлде қате пікірде болып кетті.

Сталин жолдас өзінің жаңа еңбегінде халық шаруашылығын жоспарлауды халық шаруашылығын жоспарлы, пропорционалды түрде дамытудың экономикалық заңымен теңдестіруге болмайтынын, мұның өзі зиянды екенін ерекше атап көрсетті. Халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңы объективтік экономикалық заң болып табылады және Совет мемлекетіне қоғамдық өндірісті дұрыс жоспарлауға мүмкіндік береді.

И. В. Сталин жолдас «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегінде қоғамның экономикалық даму заңдары адамдардың еркіне тәуелсіз болып жататын экономикалық даму процесстерінің заңдылығын бейнелейтін объективтік заңдар болып табылатынын көрсетті. Бұл заңдарды жан-жақты зерттей келіп, Сталин жолдас, саяси экономия заңдары жаратылыс таңу заңдарынан өзгеше ұзақ жасамайтынын, олар, ең болмағанда, олардың көпшілігі, белгілі бір тарихи дәуір бойына жасайтынын, мұнан кейін олар жаңа заңдарға орын беретінін данышпаңдықпен дәлелдеді. Бірақ, олар, бұл заңдар жойылмайды, жаңа экономикалық жағдайлардың себебінен күшін жояты, адам-

соған қарай көбірек жұмылады. Халықтың қарсаңын орындаудың қамы үшін капиталистік өзіне өзі зиян келтіруге және пайданың кемірек молшерін алуға ешқашан көнбейді, оны ешқашан бұған көндіре алмайсыз. Капиталистерден арылмай тұрып, өндіріс құралдарын жеке меншіктену принципін күртпей тұрып, жоспарлы шаруашылық жасай алмайсыз». (Ленинизм мәселелері, оныншы баспауы, қазақшасы, 572-бет).

Сөйтіп, буржуазиялық мемлекеттің шаруашылықты біржәлі жүргізу жөніндегі қандай да болсын әрекеттері өндіріс анархиясы мен бәсекеңі жоя алмайды. Капитализм шаруашылықты жоспарлы жүргізумен сыйыспайды.

Социалистік қоғам капитализмге қарама-қарсы. Өндірістік қатынастардың өндіріс күштері сыйпатына міндетті сәйкестігінің экономикалық заңына сүйене отырып, Коммунистік партия мен Совет Үкметі өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастырды, оларды бүкіл халықтың меншігіне айналдырды, елімізде адамды адамның қанауын жоятын шаруашылықтың жаңа социалистік түрлерін жасады.

Осымен байланысты біздің социалистік қоғамда капиталистік заң — өндіріс анархиясы мен бәсекеңі күлі көкке ұшты, жаңа экономикалық заң, халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңы туы. Бұл өндіріс құралдары социалистік меншікке көшуінің және өндірістік қатынастардың өндіріс күштер сыйпатына толық сәйкестігінің нәтижесінде социалистік қоғамда ғана туды. Осы жаңа экономия қалық жағдайда халық шаруашылығын жоспарлы, пропорционалды түрде дамытудың заңы туып, қызмет етуде. Бұл заңның күшіне енген себебі: социалистік шаруашылықты халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамытудың экономикалық заңының негізінде ғана жүргізуге болады.

Шаруашылықтың социалистік системасының сапа ерекшелігі капиталистік системаға қарама-қарсы. Социалистік система капиталистер мен помещиктердің өкметін құлатуды, оны жұмысшы табының және еңбекші шаруалардың өкметімен өзгертуді, өндіріс құралдарын қоғамдық меншікке беруді, я. өндірістің дамуын анархия және көп пайда табу принципіне емес, жоспарлы басшылық жасау, еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін үнемі арттыра беру принципіне жүргізуді көздейді. Бұл социализмнің негізгі экономикалық заңымен анықталады. Бұл заңның елеулі белгілері мен талаптары — бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыра-

түрде дамытудың сыйпаты шаруашылықтың өте жылдам өсуін қамтамасыз ететініне дәлелдейді. ССРО-да 1929 жылдан 1951 жылға дейін, екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан болған орасан зор шығынға қарамастан өнеркәсіп өндірісінің көлемі 13 есе дерлік ұлғайды. Осы уақыттың ішінде АҚШ-тың өнеркәсіп өндірісі небары 2 есе, мұның өзінде ол соғыс өндірісін мықтап ұлғайту есебінен ғана өсті. Ая, Англияның өнеркәсіп өндірісі бұл уақыттың ішінде небары 60 процент өсті. Басқа капиталистік елдердің өнеркәсібі бұрынғыша, 1929 жылғы дәреженің төңірегінде, бір орында тұралап келеді.

Шаруашылықтың жоспарлы социалистік системасының үлгі артықшылығы партияның XIX съезінің сталиндік бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында мейлінше анық көрсетілді. Бесінші бесжылдықта өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі, шамамен 70 процент артады. Жаңа бесжылдықтың аяғында өнеркәсіп өнімінің көлемі 1940 жылғы дәрежеден 3 есе артады. Тек бір жылда, 1952 жылы, Совет Одағының барлық өнеркәсібінің жалпы өнімі 1951 жылмен салыстырғанда 11 процент өсіп, соғыстан бұрынғы дәрежеден шамамен 2,3 есе асып түсті.

Социализмнің негізгі экономикалық заңының талабын бейнелейтін, халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңы қызметінің бірі техниканы үздіксіз, жоспарлы өркендету болып табылады. Социалистік экономика техниканы өркендеуі үшін шексіз зор мүмкіндік жасайды. Озат қуатты техниканың үздіксіз өркендеуі, оның халық шаруашылығының барлық саласына енгізілуі еңбек өнімділігін еселеп арттырады, совет адамдарының еңбегін жеңілдетеді. Капиталистік елдерде экономикалық дағдарыстың салдарынан техниканың өркендеуінде өндіріс күштерді қыратуға өкп соғатын үзіліс жиі болып отырады. Совет Одағында озат техника мен озат советтік ғылымның табыстары негізінде өндіріс үздіксіз жетілдіріліп отырады. Социалистік өнеркәсіптің барлық саласы жылдан-жылға жаңа машиналармен, механизмдермен жабдықталуда. Соғыстан кейінгі жылдарда станоктер саны жұмысты өндіріп істейтін жаңа станоктермен толықтыру есебінен 2,2 есе көбейді. Советтік машина жасау өнеркәсібі соңғы үш жылдың ішінде машиналар мен механизмдердің 1600-дей жаңа түрлерін жасап шығарды.

Сол сияқты, социалистік ауыл шаруашылығы да отандық озат техникамен

қорғау мақсатынан да туады. Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында еліміздің халық шаруашылығын дамыту басты мәселе — жем-шекпелік материалдық және зық-түлік қорларын екі есе көбейту міндеті қойылды.

Халық шаруашылығында пропорцияны сақтаудың қажеттігі белгілі бір пропорциялардың тұрақты, өзгермей тұрып қалуы, шаруашылықтың әр салаларының бір қарқынмен өркендеуін көрсетпейді. Біздің елде халық шаруашылығын жоспарлы, пропорционалды түрде дамуы ескі пропорциялардың өзгеруімен және халық шаруашылығының салаларында жаңа структуралардың белгіленуімен жүзеге асырылады.

Троцкийшілер, бухариншілер бір кезде халық шаруашылығында бірсыпыра арақатынастардың өзгермеуі жөніндегі өздерінің сандырақтарын дәлелдеуге тырысты. Олар мұнымен біздің еліміздің экономикалық жағынан артта қалуын, капитал елдеріне тәуелді болуын ойлады. Бухариннің зиянды «теңбе-теңдік» және самотек теориясы халық шаруашылығын социалистік жолдан адастыру мақсатын қойды. Коммунистік партия марксизм-ленинизмге, социалистік құрылысқа жат бұл «теорияның» бәрін кезінде әшкередеп, соққы берді.

Социалистік индустриализацияны жүзеге асыра отырып, Совет мемлекеті халық шаруашылығының структурасына түбірлі өзгеріс жасады, шаруашылықтың қажетті бағытпен дамуын қамтамасыз етті. Біздің еліміздегі социализмнің жеңісі еліміздің бүкіл бейнесін өзгертті, халық шаруашылығының барлық структурасын өзгертті. Мәселен, патшалық Россияда 1913 жылы барлық өнімнің 57,9 проценті ауыл шаруашылығының үлесіне, ал, өнеркәсіптің үлесіне небары 42,1 процент қана келсе, ССРО-да сталиндік екінші бесжылдықтың аяғында халық шаруашылығының барлық өнімінде өнеркәсіптің үлесі 77,4 процентке жетті, ауыл шаруашылығының арасалмағы абсолюттік жағынан өсе отырып, оның өнімі 22,6 процентке дейін кеміді.

Дұрыс пропорцияны сақтауды ұлғайтуды ұдайы өндірістің қажетті шарты ретінде өндіріс құрал-жабдықтарының ерекше дамып, өсуінен айқын көруге болады. Сталин жолдас қоғамдық өндірістің үздіксіз өркендеуінің маңызды шарты тұтыну заттарын өндірумен салыстырғанда өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді ағартулымы жылдамдату болып табылады деп үйретеді.

айналдырып, жүзеге асыру үшін осы экономикалық заңды зерттеу керек, оны игере білу керек, оны істің тетігін толық біліп қолдануға үйрену керек, осы заңның талаптарын толық бейнелейтін жоспарлар жасап отыру керек.

Сталин жолдас «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегінде еліміздің шаруашылық өміріне жоспарлы басшылық жасауға қажетті шарттарды көрсетті.

«... Халық шаруашылығын жоспарлауға келетін болсақ, — деп үйретеді И. В. Сталин жолдас, — оның өзі екі шартты орындағанда ғана: а) егер бұл жоспарлау халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңының талаптарын дұрыс біліретін болса, б) егер бұл жоспарлау барлық жағынан да социализмнің негізгі экономикалық заңының талаптарына үйлесетін болса ғана тиімді нәтижелерге жетуі мүмкін». («ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары», қазақшасы, 43-бет).

Маркстік-лениндік теориямен қаруланғандық біздің партиямыз өзінің саясатын қоғам дамуының объективтік экономикалық заңдарының талаптарына сәйкес жүргізеді. Міне, сондықтан да біздің партиямыз жағдайды айыруға, төңіректегі оқыйғалардың ішкі байланысын ұғынуға, оқыйғаларды барысын болжауға, оқыйғалардың кәзір де және келешекте де қалай және қай бағытта дамуға тиіс екенін болжауға мүмкіндік алады. Біздің партиямыздың саясатының данышпаңдығына сталиндік бесжылдық жоспарлардың ойдағыдай жүзеге асырылуы толық дәлел бола алады. Сталиндік бесжылдықтарды жүзеге асыру үшін күрес елімізде социализмнің толық жеңуін және социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етті.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында белгілеген ұлы міндеттер еліміздің шаруашылық және мәдени өмірінің оған әрі өркендеуінің зор перспективаларын ашты. Социалистік халық шаруашылығының экономикалық мүмкіншіліктері мен қажетті қорларын ұшан-теңіз. Бірақ, мұның мүмкіндік өз-өзінен шындыққа айналады деген ұғым тұмайды. Сондықтан қолда бар мүмкіншіліктерді толық және сарқандық пайдалану үшін күресті мейлінше күшейту қажет.

«Бүкіл қоғамдық өндірістің үздіксіз өсуін қамтамасыз ету және елімізде өнімнің молшылығын жасау үшін, халық шаруашылығын жоспарлы түрде өркендету заңының талаптарына сүйене отырып жө-

## Вилем Широкий — Чехословак Республикасының премьер-министрі

ПРАГА, 21 март. (СОТА). Бүгін Чехословак Республикасының президенті Антонин Запотоцкий Вилем Широкийді премьер-министр етіп тағайындаған.

Премьер-министр Вилем Широкий бүгін ант берген.

## Чехословак Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы

ПРАГА, 21 март. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Чехословак Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы болған. Пленум Республика президенті және партияның председатели Клемент Готвальд жолдастық кайтыс болуымен байланысты мемлекет пен партияны басқару жөніндегі шараларды талқылаған.

## Кореядағы оқыйғалар Халық Армиясы Бас Командованиесінің хабары

ПХЕНЬЯН, 21 март. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен күні барлық майдандарды американдық-ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады. Марттың 20 нан 21-іне қараған түнде американдық әскерлері және төңірегін күшті бомбадаумен ұшыратты.

Бүгін зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 3 самолетін атып түсірді.

## Американ интервенттері соғыс тұтқындарына қарсы химиялық қару қолдануда

ПЕКИН, 21 март. (СОТА). Сивьхуа агенттігінің тілшісі 20 мартта Кэсоннан былай деп хабарлайды:

Иончода аралындағы соғыс тұтқындары лагеріндегі американдық өкмет орындарының мәлідемесіне сәйкес, мұнан екі апта бұрын ғана 65 соғыс тұтқыны өлтіріліп және жараланған осы аралда, 16 мартта, осы лагерьге американдар орналастырған 2 мың соғыс тұтқындарына қарсы жаңадан химиялық қару қолданған.

Кәзіргі уақытта американдық соғыс құмарлары соғыс тұтқындарына қарсы химиялық қаруларды үлкен көлемде қолданып отырғандығын атап көрсету қажет. Жұртшылықты алдау үшін американдар химиялық қаруды «уландырылмаған дене тітіркендірушілер» деп атайтын болған. Информациялық американдық агенттіктері жуырда

дартың еркімен жасалмай, жаңа экономикалық жағдайлардың негізінде туатын жаңа заңдарға орын беру үшін істен шығып қалады.

«Халық шаруашылығының жоспарлы түрде дамуының заңы, — деп үйретеді Сталин, — капитализм тұсындағы бәсеке мен өндіріс анархиясы заңына қарама-қарсы тұды. Ол заң өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдастырылуы негізінде, бәсеке мен өндіріс анархиясының заңы күшін жойғаннан кейін тұды. Ол заңның күшіне енген себебі: социалистік халық шаруашылығын жүргізгенде халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамытудың экономикалық заңының негізінде ғана жүргізуге болады» («ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары», қазақшасы, 9-бет).

Капитализм жағдайында өндірістік қатынастарының негізі өндіріс құралдарына капиталистік жеке меншік болып табылады. Капиталистік шаруашылықта жеке капиталистердің оңаша бөлшектенген кәсіпорындарының және олардың өндірісті тек ат төбеліндей билеуші тәйтардың көп пайда табуына бағыттайтын монополистік бірлестіктерінің өндірісте ұйымшылдығы және бірлігі болуы мүмкін емес. Оларда бәсеке мен өндіріс анархиясы үстемдік жасайды. Мұның өзі қоғамның өндіргіш күштерін қырататын экономикалық дағдарыстардың үнемі қайталана беруіне әкеліп соғады.

Империализм дәуірінде, өндірістің қоғамдық сипаты мен капиталистік пайдаланудың жеке түрінің арасындағы қайшылықтар тереңдеп, мейлінше шектен шыққан кезде, өндіріс анархиясы мен бәсеке мейлінше күшейеді. Өнеркәсіптің кейбір салаларында жасалатын монополия, В. И. Ленин айтқандай, капиталистік өндіріске тән былғушылықты жоймайды, қайта оны күшейтіп, шиеленістіре береді. Сондықтан да капитал елдерінде шаруашылықты «тәртіптеу», «жоспарлауға» бағытталған әрекеттердің қайсысы болса да сөзсіз күйрейді. Тарихи шындықтың бәрі де буржуазия идеологтерінің «ұйымдаққан капитализм» туралы сандырақтарын жоққа шығарып, капитализмнің негізі сақталған жерде, өндіріс құралдарына капиталистік меншік үстемдік жасаған жерде шаруашылықты жоспарлы дамыту жөнінде ешқандай сөз болуы мүмкін емес екендігі туралы маркстік-лениндік қағыйданы іс жүзінде дәлелдейді.

Сталин жолдас капитализмнің экономикалық базасы сақталса, жоспарлы шаруашылықтың принципін жүзеге асыру мүмкін еместігін атап көрсетті. Капиталистік өндірістік тәсілінің жағдайында, Сталин жолдас айтқандай, «өндіріс бүтіндей басқа мақсатпен ұлғайтылады, шаруашылықтың қай тарауында пайда мөлшері артығырақ келетін болса, капитал

тын материалдық және мәдени қорының жоғары техника негізінде социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіру жолымен барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету. Негізгі экономикалық заң социалистік өндірістің барлық басты жағын және барлық басты процестерін анықтайды. Халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңының қызметі мына жағдайда ғана; егер бұл қызмет социализмнің негізгі экономикалық заңына сүйенетін болса ғана толық құлаштан өрістей алады.

Халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңының социалистік қоғам үшін зор маңызы бар. Демек, шаруашылықты жоспарлы түрде дамыту өндірістің социалистік тәсілінің капиталистік тәсілден ұлы артықшылығы болып табылады. Халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңының қызмет етуі өндіріс анархиясымен бәсекеңі, дағдарысты болдырмайды, халық шаруашылығының жоғары қарқынмен үздіксіз өсуін қамтамасыз етеді.

Өндірістің біраз жоғарылау фазасы оның құлдырау фазасымен өзгеріп, циклды болуы, сөйтіп, өндірістің қысқара беруі — капиталистік өндірістің заңдылығы болып табылады. Бұл заңдылық негізгі антагонистік қайшылықтардан, капитализмнің негізгі экономикалық заңының қызметінен және өндіріс анархиясы мен бәсеке заңынан туады. Кәзіргі кезде капиталистік экономика барған сайын тереңдей беріп отырған капиталистік жалшы дағдарыс пен үнемі қайталанып отыратын экономикалық дағдарыстың қысағында отыр.

Ал, социалистік өндіріс капиталистік өндірістің алдында өзінің өлшеусіз артықшылығын демонстрациялап, үздіксіз өрлеу жолымен өркендеуде. Социализм елінде өндірістің үздіксіз дамуы социализмнің негізгі экономикалық заңымен, халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңымен байланысты. Барлық кезеңдерде сәтті өнеркәсіп өндіріс масштабын жылдан-жылға ұлғайтып, бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен өркендей келеді. Сталин жолдас партияның XVIII съезінде жасаған баяндамасында біздің социалистік өнеркәсібіміз осы қарқынға жағын дүние жүзінде бірінші орында де болғанын айтты.

Советтік өнеркәсіп 1913 жылдың дәрежесімен салыстырғанда 1938 жылы тоғыз еседен аса өсті. Бұл кезде капиталистік елдердің өнеркәсібі 1913 жылдың дәрежесінің төңірегінде айналақтап, онан әрі аса алмады. 1921 жылдан 1940 жылға дейін советтік өнеркәсіптің жылдық өсу қарқыны орта есеппен 25 процентке дейін болды.

Соғыстан кейінгі жылдарда, соғыс жылдарындағы сияқты, советтік өнеркәсіп жоғарғы қарқынмен үздіксіз өркендеу жолымен келеді. Мұның өзі социализм дәуірінде халық шаруашылығын жоспарлы

үздіксіз жетілдіретіндігіне, мұны біздің болжарсымыздың өмірінен-ақ айқын көруге болады. Біздің облысымызда соңғы жылдары, 1945 жылдан 1953 жылға дейін МТС-терде трактор пәркі — 69 процент, комбайн пәркі — 43 процент өсті. Мұнан басқа да көптеген күрделі ауылшаруашылық машиналары алынды.

Халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңы қоғамдық өндірісте социалистік өндірістің үздіксіз өсуін қамтамасыз ете алатын байланыстар мен пропорциялардың болуын талап етеді. Социализм елінде шаруашылық салаларын пропорционалды өркендету социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің объективтік қажеттігі мен маңызы белгісіз болып табылады. Өндірістің социалистік тәсілінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру мен тұтыну құрал-жабдықтарын өндірудің, өндіріс пен ауыл шаруашылығының арасындағы, шаруашылықтың басқа да салалары мен қоғамдық еңбекті болу арасындағы арақатынастар социализмнің негізгі экономикалық заңы және халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңы бойынша анықталады.

И. В. Сталин жолдас өзінің шығармаларында әрбір кезеңде социалистік мемлекеттің алдында тұрған міндеттерге сәйкес шаруашылық салаларының өркендеуіндегі пропорцияны терең зерттеп, оған ғылыми таллау жасады.

«Социалистік қоғам дегеніміз, — деп үйретеді И. В. Сталин жолдас, — индустрия мен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің өндірістік-тұтыну серіктігі болып табылды. Егер осы серіктікте шикізат пен азық-түлік беретін және өнеркәсіп заттарын алып сипіріп отыратын ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп байланыстырылмаса, егер өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы осылайша біртұтас халық шаруашылығы болып шықпаса, — онда мұнан ешқандай социализм болмайды». (Шығармалар, қазақшасы, 7-том 214-бет).

Социалистік мемлекет өзінің қолына үлкен материалдық және финан ресурстарын жыйнақтап, оларды халық шаруашылығының салаларына жоспарлы түрде бөледі. Халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңының талаптарын дұрыс бейнелеу үшін халық шаруашылығының жоспарын халық шаруашылығының барлық саласы мен экономикалық аудандарды бірігімен байланысты, халық шаруашылығында диспропорция жиберілмейтіндей етіп жасау қажет. Халық шаруашылығының пропорционалды түрде дамуы материалдық, еңбек және азық-түлік қорларының мол болуын және оларды дұрыс пайдалануды қажет етеді. И. В. Сталин жолдас өзінің бірсыпыра еңбектерінде мемлекеттік қорлар жөнінде проблеманы шешіп, оның халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамытудың маңызды шарттарының бірі екенін дәлелдеді. Қорлардың қажеттігі Отан

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өзара дұрыс қарым-қатынасы социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің маңызды шарты болып табылады. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы арасында тығыз байланыс және бір-біріне экономикалық тәуелділік бар. Олардың дұрыс ұштасуы объективтік қажеттілік болып табылады. Сондықтан да ССРО-да өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жоғары техниканың негізінде біртұтас мемлекеттік жоспар бойынша дамыды. Жаңа бесжылдық жоспар ауыл шаруашылығын техникамен жабдықтауды онан әрі күшейтуді көздейді.

Халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңының қызметі өнеркәсіпті шикізат және тұтыну аудандарына жақындату, экономикалық аудандарды комплексті дамыту жолымен өндіргіш күштерді дұрыс орналастыруды қамтамасыз етеді. Осы заңның негізінде және оның талабы бойынша Совет мемлекеті отынның және металлургияның жаңа базаларын, өнеркәсіптің жаңа орталықтарын салуда, Лениндік-сталиндік ұлт саясатының арқасында бұрын артқа қалған ұлт аудандарының шаруашылығы мен мәдениеті барған сайын түлденіп өсуде.

Г. М. Маленков жолдас партияның XIX съезіне жасаған баяндамасында, өткен уақыт ішінде ССРО-ның Шығыс аудандарында өнеркәсіптің күшті қарқынмен өркендетілуі, мұның нәтижесінде өнеркәсібіміздің орналастырылуының едәуір өзгертілуі өнеркәсібімізді дамытудағы маңызды қорытынды болып табылады деп атап көрсетті. Шығыс аудандарда — Поволжьеде, Оралда, Сибирьде, Қызыл Шығыста, Қазақ ССР-інде және Орта Азияның одақтас республикаларында еліміздің қуатты индустриялық базасы жасалды. 1952 жылы бұл аудандарда өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 1940 жылғыдан үш есе артты. 1951 жылы ССРО-ның бүкіл өнеркәсіп өнімінің үштен бір бөлігіне жуығы, барлық болат пен прокаттардың жартысынан артығы, барлық көмір мен мұнайдың жартысына жуығы және электр қуатының 40 проценттен көбі Шығыс аудандарда өндірілді.

Жоспарлы түрде дамыту заңы Совет мемлекеті және оның жоспарлаушы орындары жүзеге асыратын, халық шаруашылығын жоспарлаудың объективтік негізіне кызмет етеді. Сталин жолдас біздің жылма-жылдық және бесжылдық жоспарларымызды халық шаруашылығының жоспарлы түрде, пропорционалды түрде дамуының объективтік экономикалық заңымен араластыруға болмайды деп ескертеді. Халық шаруашылығын жоспарлау бұл заңды азды-көпті дұрыс бейнелеу болып табылады. Бұл заң, Сталин жолдас айтқандай, біздің жоспарлаушы органдарымызға қоғамдық өндірісті дұрыс жоспарлауға мүмкіндік береді. Мүмкіндікті шындыққа

не барлық істе социализмнің негізгі экономикалық заңының талаптарымен сәйкес отырып, барлық материалдық, финан, еңбек ресурстарын жоспарлау мен тиімді пайдаланудың өнерін жете меңгеру қажет», — деді Маленков жолдас партияның XIX съезіне жасаған баяндамасында.

Жаңа бесжылдықтың міндеттерін жөзінде және дәлме-дал орындау ісі халық шаруашылығының ішкі қорларын дұрыс пайдалануды, мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауды әрбір кәсіпорнның өндірістік жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша толық орындауын талап етеді. Еңбек өнімділігін үнемі арттырып, өнімнің өзіндік құнын барған сайын кеміте беру, үнемдеу тәртібін қатаң сақтау қажет.

Коммунистік партия шаруашылық құрылыстың кезекті міндеттерін ғылыми түрде белгілеп қана қоймай, сонымен қабат, ол өзінің ұйымдастыру жұмысы арқылы да шаруашылық жоспарлардың ойдағыдай жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Партия көп миллиондаған совет халқының барлық күшін халық шаруашылығының жоспарларын жүзеге асыру күресіне белсендіре жұмылдырады.

Біздің жоспарларымыз, Сталин жолдас айтқандай, цифрлар мен міндеттемелерге тізбесі ғана емес. «Шынында өндіріс жоспары дегеніміз миллиондаған адамның күнбе-күнгі іс жүзіндегі әрекеті, біздің өндіріс жоспарымыздың нақты екендігіне — жаңа тұрмыс орнатып жатқан миллиондаған еңбекшілер айғақ. Программаның нақты екендігіне — кәдімгі адамдар, біз бен сіздер, біздің еңбекке ұмтылған талабымыз, жұмысты жаңаша істеуге әзірлігіміз, жоспарды орындауға бел байлағанымыз айтақ». (И. Сталин, Ленинизм мәселелері, 11-басылуы, қазақшасы, 331-бет).

Совет адамдары жаңа бесжылдықты орындау және асыра орындау үшін күресте еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. ССРО-да халық шаруашылығын жоспарлы жүргізу тәжірибесінің халықаралық зор маңызы бар. Бұл тәжірибені халықтық демократия елдері өздерінің күнделікті жұмысына кеңінен пайдалануда. Сондықтан бұл мемлекеттердің халық шаруашылығы жоспарлы түрде өркендеп, табыстан-табысқа жетуде.

Совет Одағы халықтық демократия елдеріне жан-жақты және зор көмек көрсетуде. Шаруашылықты жоспарлы түрде жүргізудің тәжірибесі дүние жүзінің еңбекшілеріне шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан түбірлі артықшылығын күннен-күнге айқын көрсетуде.

Бесінші бесжылдықтың ойдағыдай орындалуы еліміздің коммунизм жеңістеріне қарай алға басуында ірі қадам болып табылады.

Ж. СЫЗДЫҚОВ.

осы «дене тітіркендірушілерді» жуып кету үшін соғыс тұтқындарының арнаулы сабын езіндісің даярлауға мәжбүр болғандығын хабарлайды. Бұл — «дене тітіркендірушілер» деп аталатын заттың адамның денесін бүлдіретін уландырғыш зат екенін дәлелдейді.

Қосондағы Корей қытай делегациясының мүшесі соғыс тұтқындарына қарсы химиялық қару қолданған үшін американдар толық жауап беруге тиіс деп мәлімдеген.

#### АМЕРИКАН АВИАЦИЯСЫНЫҢ КОРЕЯНЫҢ БЕЙБІТ ҚАЛАЛАРЫНА АЮАНДЫҚ ШАБУҮЛДАРЫ

ПХЕНЬЯН, 21 март. (СОТА). Америкн авиациясы Корейның бейбіт қалалары мен селоларын аюандықпен бомбалауда. Марттың 20-нан 21-іне қараған түнде Жапонияның Окинава аралдарына орналасқан америкн ауыр бомбардировщиктері Пхеньяның төңірегіне өте күшті бомбалаған.

Корейның Орталық телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, марттың 17-інен 18-іне қараған түнде америкн самолеттері Синьйчжу қаласының маңайындағы елді пункттерді аюандықпен бомбалауға ұшыратқан. Осы түнде Синьйчжудың өңтүстігіне жасалған шабуылға 40-тан астам «В-29» ауыр америкн бомбардировщик қатысқан. Америкн жеңдеттері қалаға бірнеше жүз бомбалар және напалм бар көптеген бақтар тастаған.

Редактор Ф. МУХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын  
«ЕРЛІК»

Сеанс сағат 4-те басталады.  
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКтябрь» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын  
«КУБАНЬ КАЗАҚТАРЫ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.  
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«Ударник» кинотеатрына түпкілікті жұмысқа тәжірибелі билет сатушы кассир КЕРЕК.  
Қызметке қабылдау жайы жөнінде «Ударник» кинотеатрына келіп түсінік алуға болады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЫЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.